

«Collect the pictures»

- Балаларға «Ойыншықтар» тақырыбына суреттердің қиылған бөлшектері беріледі. Балалар бөлшектерді құрастырып, олардың ағылшын атауларын атау керек.

Артықшылықтары

- Ойлау қабілеттерін арттырады
- Балалардың қол моторикасын дамытады
- Жаңа сөздерді меңгеруге көмектеседі

Кемшіліктері

- Бастауыш сыныптарында қолдануға келмейді
- Сыныптағы барлық оқушылар қамтылмайды

«Magic box»

- Балалардың алдарында сиқырлы қорап қойылады, оның ішінде тақырыпқа берілген заттар жатады. Балалар шеңбер бойымен тұрып, «What's this?» сұрақ қояды, ал қораптың ішіне қолыңды салған бала, не екенін анықтайды, «This is...» сөз тіркесімен жауап береді.

Артықшылықтары

- Қиял, ойлау, сипап сезу қабілеттерін дамытады
- Сабақ тақырыбын ашуға тиімді тәсіл

Кемшіліктері

- Барлық оқушылар қамтылмайды
- Оқушылар тыныштық сақтамайды

«Eatable - uneatable»

Балалар шеңбер бойымен тұрады. Кезек – кезекпен мұғалім допты лақтырып, бір жейітін немесе жеуге жарамайтын заттың атауларын атайды. Ал балалар шапшаң ойлап, допты ұстап алу немесе допты лақтыру керек.

Артықшылықтары

- Оқушылардың шапшаңдығын дамытады
- Ойлау қабілеттерін дамытады
- Оқушылардың сөздік қорын жақсартады
- Үй тапсырмасын сұрауға ыңғайлы

Кемшіліктері

- Бастауыш сыныптарында қолдануға келмейді
- Көп уақытты алады